

## **Құпиялылық саясаты**

Осы «FORTE BOOKING» ЖШС Құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Сіз Интернет желісінде <https://travel.forte.kz/> адресі бойынша орналасқан Платформа немесе серіктесіміздің мобильді қосымшасы арқылы біздің сервистерімізді пайдаланған кезде біз («FORTE BOOKING» ЖШС) Сізден алатын дербес деректерді және басқа ақпаратты өңдеу және қорғау тәртібін реттейді.

Сіздің «FORTE BOOKING» ЖШС сервистерін пайдалануыңыз Сіздің осы Саясатпен және онда көрсетілген дербес ақпаратыңызды жинау және өңдеу талаптарымен сөзсіз келісетіндігіңізді білдіреді. Сіз бұл талаптармен келіспеген жағдайда, біздің сервистерімізді пайдаланудан бас тартуға құқылысыз.

### **Құқықтық негіздер**

Біз дербес деректерді (ДД) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өңдейміз.

### **Мынадай деректерді жинаймыз**

Сіз брондау барысында немесе call-орталық операторымен телефон арқылы сөйлесу, чат немесе электрондық пошта арқылы хабарлама алмасу процесінде бізге беретін ақпаратты жинаймыз. Бұл ақпарат Сізді клиент ретінде сәйкестендіруге болатын келесі ДД де қамтиды:

- Сәйкестендіру деректері: Аты-жөні, ЖСН, туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы және нөмірі, қолданылу мерзімі;
- Байланыс деректері: телефон нөмірі, электрондық пошта адресі және пошталық мекенжайы;
- Төлем деректері: Банктен/эквайерден токендер/жасырылған деректемелер (PAN және CVV сақтамаймыз, төлем төлем провайдері арқылы жүзеге асырылады);
- Техникалық деректер: IP-адрес, cookie, сессия туралы деректер.

Жеке жағдайларда келесі сыртқы дереккөздерден алынған Сіздің ДД өңдеуге құқылымыз:

- Сіздің өкілдеріңіз: брондауды жүзеге асыратын немесе өзгертетін, сондай-ақ Сіздің атыңыздан бізбен қарым-қатынас жасайтын адамдар (мысалы, отбасы мүшелері, туристік агенттер, жұмыс берушілер немесе корпоративтік брондауды ресімдеген ұйымдардың қызметкерлері);
- Жеткізушілер мен мердігерлер: біздің қатысуымызбен не біздің тапсырмамыз бойынша конкурстар, жарнамалық науқандар және өзге де маркетингтік іс-шаралар өткізетін заңды және жеке тұлғалар;
- Сіздің сапарларыңызды қамтамасыз ететін компаниялар: әуе, т/ж тасымалдаушылары, әуежайлардың, вокзалдардың, көші-қон немесе кедендік бақылау қызметтерінің әкімшіліктері, шекаралық қауіпсіздік органдары, сапардың орындалуын жүргізетін өзге де құрылымдар;
- Біздің серіктестеріміз: сақтандыру компаниялары, банктер және біз қызмет көрсету үшін өзара қарым-қатынас жасайтын басқа контрагенттер.

### **Сатып алушы және Жолаушылар туралы ақпарат**

Біздің Платформада кез келген қызметті брондау, әдетте, келесі деректерді көрсетуді қажет етеді:

Сатып алушыны – тікелей қызмет ақысын төлейтін тұлғаны. Көбінесе Сатып алушы Жолаушылардың бірі болып табылады.

Жолаушыны (не Жолаушыларды) – ақысы төленген қызметті тікелей пайдаланатын тұлғаны (тұлғаларды).

Егер Сіз басқа адамдар үшін қызмет ақысын төлейтін болсаңыз, онда Сіз олардың ДД, басқа ақпарат пен саяхат бойынша қалауларын бізге беруге келісімін алуыңыз керек.

### **Балалар және балаға билеттер ресімдеу**

Егер Сіз қызметтерді балаға ресімдесеңіз, заңды өкілдің өкілеттігін растайсыз және брондау/тасымалдау мақсатында оның ДД өңдеуге келісім бересіз.

### **Қандай мақсатта ақпарат жинаймыз**

Сізден алынған құпия жеке ақпаратты Сіз таңдаған келесі қызметтерді брондауды аяқтау, тапсырысқа қызмет көрсету үшін пайдаланамыз: билеттерді/қызметтерді іздеу, брондау, ресімдеу, өзгертулер/қайтарулар, қолдау, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын талдау және жақсарту, ұсыныстарды дербестендіру, келісім болған жағдайда жарнамалық және ақпараттық материалдарды жіберу.

Біз өз клиенттерімізге қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру мақсатында қажетті ДД ғана жинаймыз, өңдейміз және сақтаймыз.

ДД жинау мен өңдеуді біз заңды және әділетті негізде, келесі жалпы қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырамыз:

- ДД жинау мен өңдеудің нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға жетуіне сәйкестігі;
- ДД жинау мақсатына сәйкес келмейтін ДД өңдеуге жол бермеу;
- ДД жинау кезінде мәлімделген оларды өңдеу мақсатына қатысты өңделетін ДД артық болуына жол бермеу;
- өңдеу мақсатына қол жеткізгеннен кейін немесе осы мақсатқа қол жеткізу қажеттілігін жоғалтқан жағдайда өңделетін ДД жою не иесіздендіру;
- ДД тиісті түрде қорғау шараларын, олардың құпиялылығын және өңделетін ДД қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### **Сіздің ақпаратыңыз тағы кімге қол жетімді**

Біздің сервистерді пайдалану аясында Сіз ұсынған ақпарат басқа компанияларға қол жетімді болуы мүмкін. Атап айтқанда:

- туристік қызметтерді жеткізушілерге. Бұл әуе компаниялары, қонақ үйлер, көлік компаниялары, жаһандық брондау жүйелері, сақтандыру компаниялары, туристік операторлар және біздің сервистеріміз үшін туристік өнімді қалыптастыруға қатысатын басқа компаниялар;

- сыртқы қызмет көрсетушілерге. Бұл біздің атымыздан келесі қызметтерді көрсететін компаниялар: кредиттік карталарға қызмет көрсету, клиенттерге, дисконттық бағдарламаларға қызмет көрсету, алаяқтықтың алдын алу, бизнес-талдамашылар. Сыртқы жеткізушілер біздің атымыздан ақпарат жинай алады. Әдетте бұл ақпарат біздің Платформаның жұмысы үшін немесе Сіздің қызығушылықтарыңызды ескере отырып, интернет-жарнаманы жеткізуді жеңілдету үшін қажет. Олар біз ұстанатын деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету хаттамаларын қолданады;

- біз өз Платформамызда өнімдер мен қызметтерді бірлесіп ұсынатын бизнес серіктестерге. Егер Сіз осындай қосымша қызметтерге қол жеткізгіңіз келсе, біз бұл серіктестерге Сіз туралы ақпаратты, соның ішінде жеке ақпаратты ұсына аламыз. Біз серіктестеріміз ұсынатын қызметтермен жұмыс істеу аясында ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуді бақыламайтынымызды ескеріңіз.

Біз Сіздің ақпаратыңызды келесі мақсатта ұсына аламыз:

құқық қорғау органдарының сұрау салуларына жауап ретінде, сот процесіне қатысу үшін, біздің заңды құқықтарымызды дәлелдеу немесе іске асыру үшін, оның ішінде сот талаптарынан қорғану үшін немесе заңнамада көзделген өзге де жағдайларда. Мұндай жағдайларда біз осы Саясат бойынша кез келген заңды қарсылықтардан бас тарту құқығын өзімізде қалдырамыз;

біз қажет деп санағанда: заңсыз әрекеттерге немесе болжамды заңсыз әрекеттерге қатысты тергеу жүргізу, алдын алу немесе шаралар қолдану үшін; компанияның, Платформаның, біздің клиенттеріміздің немесе басқа адамдардың меншік құқығын қорғау немесе қауіпсіздігі үшін;

Жоғарыда айтылған жағдайларды қоспағанда, Сіз ұсынған ақпарат үшінші тұлғаларға берілетін болса, ол туралы Сізге хабарланады және Сіз мұндай ақпаратты беруден бас тартуға мүмкіндігіңіз болады.

Бұл Саясат, тіпті сілтеме біздің Платформада орналастырылған болса да, үшінші тұлғалардың сайттарына/қосымшаларына қолданылмайды. Осы үшінші тұлғалар пайдаланушылардан алған ақпаратты өңдеу тәртібін реттейтін үшінші тұлғалардың сайттарының және/немесе қосымшаларының құпиялылық саясатын зерделеуді сұраймыз.

## **ДД субъектісінің құқықтары**

Сіз өзіңіздің ДД-ға өтуге, оларды түзетуге, бұғаттауға немесе жоюға, сондай-ақ төменде көрсетілген байланыс деректері арқылы оларды өңдеуге келісіміңізді қайтарып алуға құқығыңыз бар.

## **Саясаттың қолданылу және оған өзгерістер енгізу тәртібі**

Саясат бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және шексіз мерзімде қолданыста болады. Жария құжат болып табылатын Саясаттың қолданыстағы редакциясы Платформаның кез келген пайдаланушысына қол жетімді.

«FORTE BOOKING» ЖШС Саясатқа Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістерді енгізуге құқылы.

Саясаттың жаңа редакциясының бекітілгеннен кейін Платформада орналастырылуы Платформа пайдаланушыларына Саясатқа енгізілген өзгерістер туралы хабарлама болып табылады.

## **Байланыс деректері**

Егер ДД жинау, өңдеуге қатысты сұрақтарыңыз туындаса, бізге хабарласа аласыз:

Қолдау қызметінің телефоны: 7575

e-mail: [info@fortebooking.com](mailto:info@fortebooking.com)

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 29/2 ғимарат, 7 т.е.о., 8-офис.